

МКҚК «Шұғыла» бобекжай-бақшасы

Біртұтас тәрбие бағдаламасы: «Аналар мектебі» жоспарының аясында

«Зерек бала, ақылды ана!» зияткерлік сайысы

Тәрбиешілер: Кусмагамбетова У.Р.

Курмамбаева А.А.

2024-2025 оқу жыл

«Зерек бала, ақылды ана!»

Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіндегі ұлы мұраты – білімді, зерек, парасатты және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақ тәрбиелеу. Бала – болашақтың негізі, ал ана – сол болашақтың тәрбиешісі. Заман өзгерсе де, ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтардың маңызы кемімейді. Бала тәрбиесіндегі ананың орны ерекше екенін халқымыз ертеден-ақ білген. Ақылды ана тәрбиелеген бала еліне адал қызмет ететін, ұлттық рухы жоғары тұлға болып қалыптасады. Ал ұлттық ойындар – бала ой-өрісін дамытудың, олардың ойлау қабілеті мен тапқырлығын арттырудың негізгі құралы.

Бұл еңбек бала тәрбиесінде ұлттық тәрбиенің және ұлттық ойындардың маңызын көрсетіп, зерек ұрпақ қалыптастыруда ананың рөліне ерекше назар аударуды мақсат етеді. Ұлттық тәрбие арқылы бала бойына рухани құндылықтарды сіңіру – ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, мәңгілік елдің негізін қалау деген сөз. Осы бағыттағы ойлар мен ұсыныстарымызды аналарымыз жылы қабылдап, өмірде қолданады деп сенеміз.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы!

Мақсаты:

- Балалардың физикалық және зияткерлік қабілеттерін дамыту.
- Ұлттық мәдениетті, дәстүрді сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу.
- Командалық рухты, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Мазмұнды талдау:

Зерек бала – Ойшыл, білімге құмар, зерек бала тәрбиелеу қазақ қоғамы үшін әрдайым маңызды болған. Бұл ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, баланың интеллектуалды дамуын қолдауға байланысты.

Ақылды ана – Отбасындағы тәрбиенің басты діңгегі – ана. Ана баланың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Ұлттық ойындар – Қазақтың ұлттық ойындары (тоғызқұмалақ, асық ату, көкпар, алтыбақан және т.б.) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда маңызды құрал болып табылады. Олар тек қана ойын-сауық емес, логикалық ойлау, ептілік, ұйымшылдық сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

Бүгін уақыт тауып келген аналарымызға алғысымды айта отырып, бір шумақ өлең оқып берейін. Мұқағали Мақатаевтің «Бесік басында» өлені.

Бүгінгі іс-шарамызды бастамас бұрын балабақшамыздың директоры Тулешова Г.Д. сөз беріледі.

«Ана мен бала» термесі, орындайтын балабақшамыздың әдіскері Қарасаева З.Б.

«Жұлдыз» ерте жас тобынан қатысып отырған Жұмахан Ілияспен анасы Жұмахан Жұмагүлді ортаға шақырамыз.

1 ойын: «Суреттермен ойын» ұлттық бағытта.

Мақсаты: Ата-ана мен баланың бірлесе отырып суреттермен ойнауы арқылы отбасы құндылықтарын күшейту. Ұлттық құндылықтарды балалардың ерте жастан тануына ықпал ету және олардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бұл ойындар қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін суреттер арқылы таныстырып, баланың зейінін, қиялын және есте сақтау қабілетін жетілдіру. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

«Балапан» ерте жас тобының тәрбиеленушісі Ердос Ясмина және анасы Айсұлтан Арайлымды өз ойынымен таныстыруға шақырамыз.

2 ойын: «Қазанғап»

Мақсаты: Балалардың шапшаңдық, ептілік, ұйымшылдық, және ойын кезінде тапқырлық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ қазақтың ұлттық ойындарының бірі ретінде олардың тәрбиелік мәнін арттыру.

«Күншуақ» ересек тобынан келген Лакова Аяулым және оның анасы Бекбулатова Майра.

3 ойын: «Сақина салу»

Мақсаты: Баланың зейінін, жылдамдығын және тапқырлығын дамыту.

Сергіту сәті: «Ана-өмір ұйытқысы»

«Құлыншақ» кіші тобының намысын қорғап келген Сағынтаева Айдария мен Мырзагулова Жанылсынды төрімізге шақырамыз.

4 ойын: «Шертпек»

Мақсаты: Шертпек ойыны балаларды төзімділікке, сабырлыққа және тапқырлыққа баулу. Ұжымдық ортада ойнау арқылы достық қарым-қатынас пен ұйымшылдыққа үйрету.

«Қарлығаш» кіші тобының тәрбиеленушісі Сарбасов Мадияр мен анасы Сарбасова Нуриланы қошеметпен ортаға шақырамыз.

5 ойын: «Қыз қуу» үстел үсті ойыны

Мақсаты: Балаларға қыз бен жігіт арасындағы сыйластықты, батылдықты, шапшаңдықты әрі ептілікті үйрету..

«Айгөлек» кіші тобының тәрбиеленушісі Ханбаев Бекзат пен анасы Ханбаева Асемді ортаға шақырамыз.

6 ойын: «Шыр»

Мақсаты: Ойын барысында балалар тез қимылдап, әр түрлі бағытта қозғалу қабілеттерін жетілдіру.

Суреттер визиткасы: «Мақалды тап»

Мақсаты: Аналарымыздың зияткерлік қабілеттерін дамытуға арналған. Бұл ойын қазақтың мақал-мәтелдерін меңгеру және оларды дұрыс түсініп, қолдануға бағытталған. Ойын арқылы аналарымыз қазақ халқының даналық сөздерін біле алады, олардың мағынасын түсініп, ойлау қабілеттерін жетілдіреді.